

**«М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ «Су шаруашылығы»
бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі
мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ**

Тараз қ.

04.05.2022.

Төраға: Ешенқұлов Талғат Ілиясұлы, «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Басқарма төрағасы – Ректор.

Хатшы: Жатқанбаева Айнұр Орынбасарқызы, PhD, «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ «Мелиорация және агрономия» кафедрасының доценті.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Гидротехникалық құрылыс» және «Гидромелиорация» бакалаврларын дайындау үшін Орталық Азияның мамандары мен ғалымдары әзірлеген пәндердің оқу бағдарламаларын «Су шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына енгізу.

Баяндамашы: Ибатуллин Сагит Рахматуллаевич.

2. Су шаруашылығындағы кәсіби біліктілікті тану - қазіргі заманғы деңгейдегі кадр саясатының маңызды элементі.

Баяндамашы: Нурмағанбетов Демесин Шералиевич.

3. Су шаруашылығы бойынша жетіспейтін кәсіптік стандарттардың тізбесін айқындау.

Баяндамашы: Малибеков Алдаберген Кадирбекович.

4. Әртүрлі.

4.1 «Су шаруашылығы» дайындық бағыты бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды қарау және бекіту».

Мәжілісті, Оқу-әдістемелік бірлестік-жобаларды басқару тобының төрағасы «М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ» КЕ АҚ Басқарма төрағасы - Ректор Ешенқұлов Талғат Ілиясұлы жүргізді.

Саламатсыздар ма! Құрметті «Су шаруашылығы» бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшелері!

Бүгін біз, жаңа құраммен алғашқы мәжілісімізді өткізгелі отырмыз. Құрам бойынша бұйрықпен сіздер таныссыздар! Бірлестік құрамына төрағадан басқа отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институтынан 17 адам, су саласы бойынша кәсіпорындардан 7 адам және 1 адам шетелдік жоғары оқу орынан (Жанай Сагин, Мичиган университетінің профессоры, Канада - АҚШ) еніп отыр.

Дулати университетіндегі білім беру қызметі ҚР БҒМ Білім бағдарламалары тізіліміне енгізілген 251 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Оның ішінде 139 ББ бакалавриат бойынша, 97 ББ магистратура бойынша және 14 ББ докторантура бойынша.

Жоғары оқу орны болашақта оңтайлы даму жолын және өңірдің және Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті болу мүмкіндіктерін үнемі іздеуде, бұған жаңа бірегей мамандықтардың ашылуы және шетелдік әріптестермен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру дәлел бола алады. Дулати университеті «Су шаруашылығы» саласында кадрлар даярлаудың базалық жоғары оқу орны болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның су шаруашылығы үшін мамандар даярлау бойынша көптеген проблемалар мен шешілмеген мәселелер жинақталып отыр.

Бүгінгі мәжілісте бізді толғандыратын барлық мәселелер бойынша ашық, мазмұнды әңгіме болады деп үміттенемін.

Сіздердің бағалау мен ұсыныстарыңыз алдағы жұмыстардың нәтижелілігіне септігін тигізеді деп ойлаймын.

Бүгінгі отырыстың күн тәртібін экраннан көріп отырсыздар.

Күн тәртібі бойынша ұсыныс барма? Бекітілсін деген ұсыныс түсті.

Күн тәртібі бекітілсін деген бірлестік мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын.

Жаксы. Кім қарсы? Қалыс қалғандар барма? Күн тәртібі бекітілді.

Бүгінгі мәжілістің күн тәртібінде барлығы үш баяндама жоспарланған және әртүрлі мәселелер қарастырылады. Яғни, «Су шаруашылығы» бағыты бойынша дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарды қарастыру және бекіту.

Күн тәртібіндегі 1-ші сұрақ бойынша

«Гидротехникалық құрылыс» және «Гидромелиорация» бакалаврларын дайындау үшін Орталық Азияның мамандары мен ғалымдары әзірлеген пәндердің оқу бағдарламаларын «Су шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына енгізу тақырыбында баяндама жасау үшін «Гидротехникалық құрылымдар қауіпсіздігі бойынша халықаралық оқу орталығының» директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Ибатуллин Сагит Рахматуллаевичке сөз беріледі.

С.Р.Ибатуллин: Баяндамада келесідей сұрақтар бойынша мағлұматтар берілді: мамандықтар бойынша ПОӘК дайындау үшін сарапшыларды бөлу; ПОӘК үлгілік мазмұны; «Гидромелиорация» мамандығы үшін ПОӘК сәйкес оқу үдерісінің күрделілігі; «Гидротехникалық құрылыс» мамандығы бойынша ПОӘК сәйкес оқу үдерісінің күрделілігі; «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтарының үлгілік оқу жоспары; «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтарының үлгілік оқу жоспары; «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтарының оқу жоспарына арналған элективті (таңдаулы) пәндер және негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар:

1. Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарында «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтары бойынша бакалаврларды дайындау үшін базалық кәсіптік пәндердің біріздендірілген оқу-әдістемелік кешендерінің (ОӘК) контентін әзірлеу жөніндегі мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалды.

1.1. Болон декларациясына сәйкес кең ауқымды студенттік ұтқырлықты қолдау құралы ретінде қарастырылатын ECTS ((European Credit Transfer Sistem) еуропалық стандартының кредиттік бірліктерінде академиялық сағаттардағы жүктемемен қатар пәндердің оқу еңбек сыйымдылығын есепке алудың халықаралық талаптарына сәйкес пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) әзірленді, бұл осы жобаның негізгі мақсаты болып табылады.

1.2. Көрсетілген ПОӘК аннотацияланған сипаттамалары дайындалды.

2. Оқу үдерісінде су бейіні пәндерін оқытудың әдістемелік глоссарийін қамтамасыз ететін 5270 сөзден, белгілерден және терминдерден тұратын, сондай-ақ жас мамандарға арналған анықтамалық құрал ретінде орыс тіліндегі «Негізгі су шаруашылығы терминдерінің сөздігі» әзірленді.

3. Жобаның техникалық тапсырмасынан тыс «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары әзірленді.

4. ӨАСТ мүшелері (Өңірлік академиялық сараптамалық топ) (ОӘК) мүшелері «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларының жобаларын мақұлдаған жағдайда, «САН» ДБ бағдарламасына қатысатын ОА жоғары оқу орындарының ректорларына оларды көрсетілген мамандықтар бойынша бірыңғай өңірлік оқу жоспарларын әзірлеу үшін негіз ретінде алу ұсынылады.

5. Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметаралық комиссияларына отырыстардың күн тәртібіне елдердің су саласына қатысты білім беру саласындағы интеграциялық процестерді күшейту мәселелерін енгізу ұсынылсын.

Т.І.Ешенқұлов: Рақмет! Баяндамашыға сұрақтарыңыз барма?

Осы сұрақ бойынша шешім жобасы дайындалды. Шешім жобасы бойынша сөйлеймін деушілер барма?

Шешім жобасы бекітілсін деген семинар мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қолдайды? Қарсы? Қалыс?

Шешім жобасы бекітілді.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақ бойынша

«Су шаруашылығындағы кәсіби біліктілікті тану - қазіргі заманғы деңгейдегі кадр саясатының маңызды элементі» тақырыбында баяндама жасау үшін ҚР Халықаралық Аралды қорғау қорының атқару дирекциясының сарапшысы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент **Нұрмағанбетов Демесін Шералыұлына** сөз беріледі.

Д.Ш.Нұрмағанбетов: Баяндамада келесідей сұрақтар бойынша мағлұматтар берілді: Қазақстан Республикасындағы ұлттық біліктілік жүйесі; ҰБЖ дамыту жөніндегі жаңа шешімдер; кәсіби біліктілікке қойылатын талаптар; мамандарды сертификаттаудың қазіргі орталықтары; біліктілік жүйесінің толық циклын сынақтан өткізу мысалдары; біліктілікті тануды заңнамалық реттеу; біліктілікті беру және оларды тану тәсілдері; біліктілікті тану туралы жаңа ережелер; біліктілікті тану орталығын құру жөніндегі іс-қимыл жоспары; су шаруашылығындағы біліктілікті тану орталығын құру.

Т.І.Ешенқұлов: Рақмет! Баяндамашыға сұрақтарыңыз болса қоя берсеңіздер болады.

Осы сұрақ бойынша дайындалған шешім жобасы бар.

Шешім жобасы бойынша сөйлейтіндер барма?

Шешім жобасын бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын. Қарсы, қалыс бар ма?

Шешім бірауыздан бекітілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Су шаруашылығы бойынша жетіспейтін кәсіптік стандарттардың тізбесін айқындау» тақырыбында баяндама жасау үшін М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Академиялық саясат жөніндегі» департамент директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор **Мәлібеков Алдаберген Қадырбекұлына** сөз беріледі.

А.Қ.Мәлібеков: Баяндамада келесідей сұрақтар бойынша мағлұматтар берілді: СБШ «Су шаруашылығы» (2019ж.); «Су шаруашылығы» саласы. «Су шаруашылығы» саласы 5 секцияны; ҚР СК 03-2019 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішін (ЭҚЖЖ), 7 бөлімді, 8 топты, 9 сыныпты және 11 кіші сыныпты қамтиды: атап айтқанда:

«Ауыл, орман және балық шаруашылығы» А секциясы - 01 бөлім «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету»;

«Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет» Е секциясы -36 бөлім «Суды жинау, өңдеу және бөлу» және 37 бөлім «Ақаба суларды жинау және өңдеу»;

Ғ секциясы «Құрылыс» - 42 бөлім «Азаматтық құрылыс»;

М секциясы «Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет» - 72 бөлім «Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер», 74 бөлім «Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет»;

Р секциясы «Білім беру» - бөлім 85 «Білім беру»;

Су шаруашылығындағы қызмет түрлерін жіктеу; «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының бұйрығымен әзірленген және бекітілген Кәсіби Стандарттар; «Су шаруашылығы» саласы үшін әзірлеуге ұсынылатын кәсіби стандарттардың тізбесі (СБШ-дан).

Т.І.Ешенқұлов: Рақмет! Баяндамашыға сұрақтарыңыз болса қоя берсеңіздер болады.

Осы сұрақ бойынша дайындалған шешім жобасы бар.

Шешім жобасы бойынша сөйлейтіндер барма?

Шешім жобасын бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын. Қарсы, қалыс бар ма?

Шешім бірауыздан бекітілді.

Сөз алғандар: Мичиган университетінің профессоры (Канада-АҚШ) Жанай Сагин алды. Ол өз сөзінде «Су шаруашылығы» бағыты бойынша мамандар даярлауда қарым-қатынасты күшейту, студенттердің шетелдерден тәжірибеден өтуі, профессор-оқытушылар құрамының және студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысып, халықаралық жобаларға қатысуға шақырды.

Т.І.Ешенқұлов: Құрметті семинарға қатысушылар жоғарыда атап өткендей бүгінгі күн тәртібінде әртүрлі мәселелер қарастырылады. Яғни, «Су шаруашылығы» бағыты

бойынша дайындалған және университеттің кітапхана қорындағы келесі оқу-әдістемелік жұмыстарды «Су шаруашылығы» білім беру бағдарламалары үшін оқулық ретінде ҚР БҒМ «Су шаруашылығы» бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынылған және БҒМ рұқсат етілген» грифте оқу үдерісіне енгізу үшін қарастыру және бекіту. Бүгінге барлығы 7 оқу-әдістемелік құралдар келіп түсті. Тізімді экраннан көрсеніздер болады.

Осы сұрақ бойынша дайындалған шешім жобасы бар.

Шешім жобасы бойынша сөйлейтіндер барма?

Шешім жобасын бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын. Қарсы, қалыс бар ма?

Шешім бірауыздан бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды.

Бүгінгі семинарға қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін. «Су шаруашылығы» бағыты бойынша өткізілген республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісін жабық деп жариялаймын.

ШЕШІМ:

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтарды қарастыру нәтижесі бойынша шешімдер қабылданды (шешімдердің толық нұсқасы келтірілген).



Т.І.Ешенқұлов

А.О.Жатқанбаева

**«М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ «Су шаруашылығы»
бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі
мәжілісі**

Тараз қ.

04.05.2022.

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ жанындағы «Су шаруашылығы» бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісі Мичиган университетінің (Канада – АҚШ); «Гидротехникалық құрылымдар қауіпсіздігі бойынша халықаралық оқу орталығы»; «Қазақ су шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС-гі; Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда университетінің; Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің; Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың; Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің; М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университетінің; Қазақ-Неміс университетінің «Орталық Азиядағы су ресурстарын басқару бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы Су бағдарламасы бойынша үйлестірушісінің; ҚР Халықаралық Аралды қорғау қорының Атқару дирекциясының; Қазақстанның су шаруашылығы қауымдастығының және «Экология, геология және табиғи ресурстар» министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» РМК Жамбыл облысы филиалдарының білікті мамандары қатысқан кеңейтілген отырыс онлайн форматта өткізілді. Мәжілістің қорытындысы бойынша келесідей шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша:

1. С.Р. Ибатуллиннің мәліметтері назарға алынсын.
2. Орталық Азия (ОА) елдерінің су саласындағы оқу бағдарламаларын біріздендіру үдерісін одан әрі ілгерілету жөнінде ұсынымдар әзірлеу.
3. ӨАСТ мүшелері (Өңірлік академиялық сараптамалық топ) (ОӨК) мүшелері «Гидромелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларының жобаларын мақұлдаған жағдайда, «CAKN» ДБ бағдарламасына қатысатын ОА жоғары оқу орындарының ректорларына оларда көрсетілген мамандықтар бойынша бірыңғай өңірлік оқу жоспарларын әзірлеу үшін негіз ретінде алу ұсынылсын.
4. «Орталық Азия білім алмасу желісі» бағдарламасының тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік Банкке жылына кемінде екі рет тұрақты семинарлар негізінде ӨАСТ-ның жұмыс жағдайын жасау мүмкіндігі қамтамасыз етілсін.
5. Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметаралық комиссияларына отырыстардың күн тәртібіне елдердің су саласына қатысты білім беру саласындағы интеграциялық үдерістерді күшейту мәселелерін енгізу ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша:

1. Д.Ш. Нурмаганбетовтың мәліметтері назарға алынсын.
2. Жұмысқа орналасу кезінде кәсіби біліктілікті ерікті түрде тану туралы ақпарат назарға алынсын және оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде ескерілсін.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша:

1. А.К. Малибековтың мәліметтері назарға алынсын.
2. «Атамекен» ҚР ҰКП мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен су шаруашылығына арналған кәсіптік стандарттардың ұсынылып отырған тізбесін 2022 жылы КС әзірлеу жоспарына енгізу туралы сұраныс жіберу.

Бірінші кезектегі әзірлеудің кәсіби стандарттарының ұсынылатын тізбесі:

1. Гидромелиорациялық жұмыстарды механикаландыру және автоматтандыру.
2. Сорғы станцияларын жобалау және пайдалану.
3. Көпжылдық реттелетін су қоймаларын жобалау және пайдалану.
4. Су энергиясын пайдалану.
5. Гидротехникалық құрылыстарды жөндеу және қайта жаңарту.

6. Гидромелиорациялық жүйелер үшін суару желісін жобалау және пайдалану.
7. Өнеркәсіптік сумен жабдықтау.
8. Су құрылыстарын пайдалану.
9. Су ресурстарын ұтымды пайдалану.
10. Суару жүйелерін пайдалану.

Күн тәртібіндегі әртүрлі сұрақ бойынша:

1. «Су шаруашылығы» бағыты бойынша дайындалған және университеттің кітапхана қорындағы келесі оқу-әдістемелік жұмыстарды «Су шаруашылығы» білім беру бағдарламалары үшін оқулық ретінде ҚР БҒМ «Су шаруашылығы» бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынылған және БҒМ рұқсат етілген» грифте оқу үдерісіне енгізілсін және бекітілсін:

1. Жолдасов С.Қ. Ашық арналар гидравликасы. – Алматы: Эверо, 2017. – 164 б.

Рецензенттер: Қойбақов С.М., т.ғ.д., профессор; Карлыханов О.К., т.ғ.к., профессор; Ибраев Т.Т., т.ғ.к., доцент, PhD.

2. Жолдасов С.К., Кожамкулова Г.Е. Мониторинг водных объектов и геоинформационные системы: учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2017. – 184 с.

Рецензент: Мусабеков К.К., к.т.н., доцент.

3. Жолдасов С.Қ., Қожамкулова Г.Е. Гидравлика пәнінен есептік-графикалық тапсырмалар орындауға арналған әдістемелік құрал. - Алматы: «ССК» баспасы, 2017. - 116 б.

Рецензент: Мустафаев Ж.С., т.ғ.д., профессор.

4. Жолдасов С.Қ., Есенгельдиева П.Н., Қожамкулова Г.Е. Гидравлика. Тесттер жинағы. Оқу құралы. - Алматы: «ССК» баспасы, 2018. - 228 б.

Рецензенттер: Қойбақов С.М., т.ғ.д., профессор; Карлыханов О.К., т.ғ.к., профессор; Ибраев Т.Т., т.ғ.к., доцент, PhD.

5. Байжігітова М.Т. «Су техникалық ізденістер» оқу құралы (қазақ тілінде, авторлары А.В.Васильев пен С.В.Шмидттің «Водотехнические изыскания» оқу құралының аудармасы): -Қарағанды: «Medet Group», 2021.-407б.

Рецензенттер: Карлыханов О.К.- т.ғ.к., «ҚазСШҒЗИ» мекемесінің бөлім бастығы, Тұрдығұлов С.Д.- «ҚазСуШар» РМК-ң Жамбыл филиалы, «Су пайдалану» бөлімінің бастығы, Мұсабеков Қ.Қ.- т.ғ.к., «Мелиорация және агрономия» кафедрасының доценті.

6. Турегельдиева Р.Т., Қарагойшин Ж.М., Сатыбалдиева Ғ.Т., Баринаева Ғ.Қ. «Су биоресурстарың қорғау». Оқу құралы, «Тараз университеті» 2020ж.

Рецензенттер: Г.А.Аубакирова – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті «Аншылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD; Б.С.Маймаков - С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ «Ветеринарлық санитария» кафедрасының профессоры, б.ғ.д.; А.И.Мұсаев – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Экология» кафедрасының профессоры, т.ғ.д.; М.Абдиров – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Экология» кафедрасының доценті, PhD.

7. Козыкеева А.Т., Мустафаев Ж.С., Даулетбай С. «Комплексная мелиорация: принципы и методология комплексного обустройства речных бассейнов». -Алматы, 2021. - 312 с.

Рецензенты: 1. А.Д.Рябцев - Генеральный директор ТОО «Проектный институт Казгипроводхоз», д.т.н.

2. Койбагарова К.Б. – главный менеджер ТОО «HighLine» (Хайлайн), к.т.н.

3. Сейтасанов И.С.-к.т.н., доцент, профессор кафедры «Водные ресурсы и мелиорация» КазНАИУ.

4. Ишангалиев Т.С. - к.т.н., доцент, асоц. профессор кафедры «Водные ресурсы и мелиорация» КазНАИУ.



Т.І.Ешенқұлов

А.О.Жатқанбаева